

**Лебяжі аудандық мәслихаттың (V сайланған XIII кезектен тыс сессиясы) 2013 жылғы 11 ақпандағы "Лебяжі ауданы бойынша 2013 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 4/13 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 03 сәуірдегі N 3/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 сәуірде N 3511 болып тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 наурыздағы N 1-19/43 хатымен)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 05.03.2014 N 1-19/43 хатымен).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" N 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Лебяжі аудандық мәслихат, **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихаттың (V сайланған XIII кезектен тыс сессиясы) 2013 жылғы 11 ақпандағы "Лебяжі ауданы бойынша 2013 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 4/13 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 3460 тіркелген, 2013 жылғы 07 наурыздағы "Аққу үні" N 10 газетінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: шешімнің 2–тармағында 1) тармақшаның екінші абзацында: "68000" деген сандары "75000" деген сандарымен ауыстырылсын; "көлемінде," деген сөзден кейін "азық-түлік жиынын сатып алу үшін - 5000 теңге көлемінде," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қ. Әлтаев*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ. Әлтаев*